

Грамматикалық тақырып: ЕТІСТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

ЕТІСТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қимылдың іс-әрекеттің орындаушыға (қимыл иесімен тура істелетін іске) қатысын білдіріп, белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етістіктің түрі етіс деп аталады. Етістер мағынасына қарай төрт түрге бөлінеді:

1. Өздік етіс: Қимылдың, іс-әрекеттің орындаушысына, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты етістіктерден **-ын, -ін, -н**, жұрнағы жалғану арқылы жасалатын етістік түрі өздік етіс деп аталады. Мысалы: Марат ерте тұрып киінді.

2. Өзгелік етіс: Өзгелік етіс қимылдың, іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі яғни субъектінің өзі емес, екінші бір басқа субъект, қимылды орындаушы арқылы істелінетінін білдіріп, белгілі жұрнақтар арқылы жасалады. Ол жұрнақтар: 1)-**ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -отыр-ғыз, жүр-гіз, айт-қыз, жет-кіз**; 2) **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір**, сал-дыр, сен-дір, ас-тыр, тік-тір, кет-ір, ас-ыр; 3) **-т**; жаса-т, сөйле-т т.б. Мысалы, ол әншіге ән салғызды.

3. Ырықсыз етіс: Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, **-ыл, -іл, -л** түбірдің ішінде -л дыбысы болса -ын, -ін, -н жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі ырықсыз етіс деп аталады. Мысалы, той басталды.

4. Ортақ етіс: Қимыл іс-әрекеттің иесі, орындаушысы біреу емес, бірнешеу болып, **-ыс, -іс, -с** жұрнақтары арқылы жасалатын етістің түрі ортақ етіс деп аталады. Мысалы, ат салысты.

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ (Времена глаголов)

Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту мезгілін білдіру етістіктің шағы деп аталды. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады, яғни осы шақ, келер шақ және өткен шақ деп үшке бөлінеді.

ОСЫ ШАҚ

Сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекеттерді білдіретін және әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекеттерді көрсететін шақты, осы шақ деп атаймыз. Мысалы Айман сабақ оқып отыр.

Осы шақ мағынасына қарай **нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ** деп екіге бөлінеді.

Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте істеліп, болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді. Нақ осы шақтың жалаң түрі отыр, тұр, жатыр, жүр деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл төрт етістік қалып етістіктері деп аталады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып, есімдерше жіктеледі.

Нақ осы шақтың күрделі етістіктің –ып, -іп, -п және –а, -е, -й тұлғалы көсемше түрі мен отыр, тұр, жүр, жатыр деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесінен жасалады. Студен етмтиханға дайындалып отыр.

Күрделі нақ осы шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Оқып отырмын	Оқып отырмыз
II	Оқып отырсың	Оқып отырсыңдар
	Оқып отырсыз	Оқып отырсыздар
III	Оқып отыр	Оқып отыр

Ауыспалы осы шақ

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіретін нақ осы шақтың түрін атаймыз. Ауыспалы осы шақ *-а, -е, -й* тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен келе-мін, сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.

Ауыспалы осы шақ түрінің жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Айтамын, келемін	Айтамыз, келеміз
II	Айтасың, келесің	Айтасындар, келесіндер
	Айтасыз, келесіз	Айтасыздар, келесіздер
III	Айтады, келеді	Айтады, келеді

КЕЛЕР ШАҚ

Келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатынын білдіреді. Мысалы: Ол университетке ерте бармақ. Сендер үйге келерсіңдер. Келер шақ мағынасы мен жасалуына қарай болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ және ауыспалы келер шақ болып үшке бөлінеді.

1. Болжалды келер шақ: Қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін дәл көрсетпей, болжай ғана айтылуын білдіреді. Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің *-ар, -ер, -р*, болымсыз етістіктен кейін *-с* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: Біз бар-ар-мыз, сіздер кел-ме-с-сіздер.

Болжалды келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I.	Бар-ар-мын, кел-ме-с-пін	Барар-мыз, кел-мес-піз
II.	Бар-ар-сың, кел-ме-с-сің, Бар-ар-сыз, кел-ме-с-сіз,	Барар-сың-дар, келмес-сің-дер Барар-сыздар, келмес-сіз-дер
III.	Бар-ар-, кел-ме-с-	Барар-, келмес-

2. Мақсатты келер шақ: Мақсатты келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді. Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: мен ауылға бар-мақ-пын, Сіз ерте кет-пек-сіз. Етістіктің *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнағының үстіне *-шы, -ші* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы жіктелуі арқылы да мақсатты келер шақ жасалады. Мысалы: Мен ауылға бар-мақ-шы-мын.

Мақсатты келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Бармақпын, бармақшымын	Бармақпыз, бармақшымыз
II	Бармақсың, бармақшысың Бармақсыз, бармақшысыз	Бармақсындар, бармақшысындар Бармақсызда, бармақшысыздар
III	Бармақ-, бармақшы-,	Бармақ-, бармақшы-,

3. Ауыспалы келер шақ: Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ сияқты *а-, -е, -й* жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан ауыспалы келер шақ пен

ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады. Мысалы: Ол ағасының үйінде тұрады.

Мына мысалдарды салыстырып көріңіздер.

Осы шақ	Келер шақ
Ол үй тапсырмасын кітапханада орындайды.	Ол үй тапсырмасын <i>кешке</i> орындайды
Бұл жерге үй салынады	Құрылысшылар <i>келсе ғана</i> үй бұл жерге үй салынады
Мен үнемі денешынықтырумен айналысамын.	Мен <i>ертең</i> денешынықтырумен айналысамын.

ӨТКЕН ШАҚ

Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Мысалы, ол оқуды бітірді, ол кезде сен оннан асқансың, оның бір баласы болыпты. Өткен шақ мағынасы мен жасалуына қарай жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ болып үшке бөлінеді.

1. Жедел өткен шақ: Етістіктің түбіріне **-ды, -ді, -ты, -ті** жұрнағы жалғану арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: Арман домбыра тарт-ты, мен өлең айт-ты-м, мен би биле-ді-м.

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Жүрдім, қайттым, бармадым	Жүрдік, қайттық, бармадық
II	Жүрдің, қайттың, бармадың	Жүрдіңдер, қайттыңдар, бармадыңдар
III	Жүрдіңіз, қайттыңыз, бармадыңыз	Жүрдіңіздер, қайттыңыздар, бармадыңыздар
	Жүрді-, -қайтты, -бармады,	Жүрді-, қайтты-, бармады-,

2. Бұрынғы өткен шақ: Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: Сен университетті бітіргенсің. Ол қалаға барыпты. Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

а) Бұрынғы өткен шақ -ған, -ген, -қан, -кен тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) айт-қан-мын, (сен) кел-ген-сің.

Бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Барыппын	Барыппыз
II	Барыпсың	Барыпсыңдар
	Барыпсыз	Барыпсыздар
III	Барыпты	Барыпты
I	Барғанмын	Барғанбыз
	Барғансың	Барғансыңдар
II	Барғансыз	Барғансыздар
	Барған-,	Барған-,

ә) -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеге *e(edi)* көмекші етістігі тіркелуі арқылы да жасалады. Есімше түрінде *e* көмекші етістігі екен түрінде де тіркеседі. Бұрынғы өткен шақтың осындай күрделі түрінде *e* (*еді, екен*) көмекші етістігі ғана жіктеледі.

Бұрынғы өткен шақ күрделі түрінің жіктелу үлгісі.

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Барған едім (екенмін), Барып едім	Барған едік (екенбіз) Барып едік
II	Барған едің (екенсің), Барып едің Барған едіңіз(екенсіз) Барып едіңіз	Барған едіңдер (екенсіңдер), Барып едіңдер Барған едіңіздер (екенсіздер), Барып едіңіздер
III	Барған еді (екен), барып еді	Барған еді (екен), барып еді

3. Ауыспалы өткен шақ: Ауыспалы өткен шақ есімшенің -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. Сондықтан да оны ауыспалы өткен шақ деп атайды. Мысалы: Еділ жолдасына жиі баратын.

Ауыспалы өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Келетінмін	Келетінбіз
II	Келетінсің Келетінсіз	Келетінсіңдер Келетінсіздер
III	Келетін	Келетін

Септік жалғауы

Септік жалғауы – көптік жалғауы сияқты сөзбен сөздің арасын байланыстырып, оларды өзара қарым-қатынасқа түсіреді. Септік жалғаулары арқылы есімдер сөйлемдегі етістіктермен де, шылаулармен де, олардан басқа сөздермен де, тіпті өзді-өзі де қарым-қатынасқа түседі. Мысалы, *Олар мектепке келді, Олар мектепке дейін келді, Оқушылар мектепте оқиды т.б.*

Септік жалғауы дегендегі септік деген термин сеп (жәрдем,көмек, дәнекер) деген ұғымды білдіреді. Осы сөзден туған септеу деген сөз екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі – екі нәрсені жалғау, ұластыру; екіншісі – сөздердің септік жалғауларын қабылдап өзгеру жүйесі. Қазақ тілінде мынадай септіктер бар:

1.Атау септіккім? не?

2. Ілік септіккімнің? ненің?-ның,-нің,-дың,-дің, -тың,- тің

3. Барыс септік кімге? неге? -а, -е, -қа, -ке, -ға, -ге, -на, -не
4. Табыс септік кімді? нені? -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті
5. Жатыс септік кімде? неде? -да, -де, -та, -те, -нда, -нде
6. Шығыс септік кімнен? неден? –дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен
7. Көмектес септік кіммен? немен? –мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен.

Қазақ тілінде септелудің екі түрі бар:

1. **Жай септелу** – сөздердің түбір күйінде септелуі. Мысалы, үй, үй-дің, үй-ге, үй-ді, үй-де, үй-ден, үй-мен.
2. **Тәуелді септелу** – сөздердің тәуелденіп барып септелуі. Мысалы, *үй-ім, үй-ім-нің, үй-ім-е, үй-ім-ді, үй-ім-де, үй-ім-нен, үй-ім-мен*